

"Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 63 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 22 желтоқсандағы № 372 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 25 желтоқсанда № 37673 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабының 1-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 63 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7589 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

К. Аксакалов